

## Агыбай батыр

Жезказган облысынын Ұлытау онірінде дүниеге келген әке-шешесінен екі жасында айырылады. Әкесі Қонырбай әйгілі батыр. Шешесі Қойсана да текті жерден шыққан. Атакты Наймантай батырдын немересі Байғозынын қызы. Байғозы батыр Абылайханнын ту ұстаушысы, сенімді серігі болған.

Патшанын елді қырып-жоятын отаршылдық саясатын Агыбай жас кезінен көріп өсті. Дүшпанға деген кегі тула бойында жанартаудай атқылауға шақ түрды. Осындай өделітсіздік оны ерте есейтті. **Агыбай он үш жасында атқа қонды.**

Ресей отаршылдарынын Қазак елінін ішіне бойлай кіріп, Қокшетау, Ақмола, Қарқаралы бекіністерін салуы халықтың ыза-кегін тугызды. Отаршылдарға бағынып, күл болуды ойламаған қара халық бас қотерді. Сонын алғашқысы Бұғылы мен Тағылы онірінде қорініс берді.

1826 жылы тамыз айында Қарқаралы бекінісіне шабуыл жасаған Агыбай барымталанған малды қайтарып, түткындалған адамдар бостандыққа шығады.

1827 жылы қотерілістің алдын алып, басу мақсатында майор Мынғыриев пен сұлтан Тұрсын Шынғысовтардың басқаруымен тастай қаруланған 200 әскер Агыбай батырдың ауылына келіп, қанды қырғын салады. Елу сегіз адамынан айырылған Агыбай тобы ауылын қорғап қалады.

1832 жылғы бірінші наурызда Саржан, Есенкелді Касымовтар Агыбай батырдын өскерімен бірігіп, Каркаралы бекінісіне екінші қайта шабуыл жасап, 1600 жылқыны отаршылдардын қолынан қайтарады.

1837 жылы Айыртаудын бөктеріне жиналған халық Кенесарыны ақ киізге отырғызып хан етіп, Агыбайды бас сардар етіп сайлайды. Кенесары қай жорық, қай шабуылға шығар алдында Агыбайдан ақыл-көнеc сұрап, майданның бағыт-бағдарын анықтап отырған.

1837 – 1847 жылдар аралығындағы он жылға созылған ұлт-азаттық қозғалысында жеңістің дәмін де татып, жеңілістің қуығына қуыған Агыбай батыр ерекше көзге түсті.

Агыбай бастаған жорықта ылғи да жолы болатындықтан, Көне Ақжолтай Агыбай атаған...

Кокшетау шайқасында Агыбай батыр өзінің батылдығымен де, айла-тәсілімен де ерекше көзге түседі. Ірі жеңіске жетеді. Сол ержүректілікті бағалап, Абылай хан атасынан қалған құмістелген қанжарды Кенесары Ақжолтай Агыбайға сыйлайды.

1837 жылғы 5 желтоқсанда Ақтау бекінісінен Ташкентке хорунжий Рытов жасағы бастап бара жатқан керуенді Агыбай мен Наурызбай батыр сарбаздары Қойлыбай Болат манында тас-талқан етті.

Ел азаттығы үшін күрескендердің Ақтау өңіріндегі жұрт арасына аңыз боп тараған бұл атыс-шабыстары да халық ақындарының назарынан тыс қалған жоқ:

Ажал боп тиді Ақтауға,

Батырлардың келгені.

Есепсіз калын дүшпанын,

Сауынан коп болды олгені.

Кошесінен Актаудын,

Кып-кызыл боп кан акты.

Мылтык атып бір жактан,

Колмен тарткан садакты....

Бір заматта сап болды,

Карсылык етпей калганы,

«Мен сіздікпін деді де –

Күшактады аякты.

Актауды алды киелі,

Батырлар салган онерді.

12 мындай кол болып,

Акмолага жонелді.

Бастыгы болган бәрінін,

Кенесары – Наурызбай,

Екінші батыр тагы да.

Аргыннан шыккан Агыбай...

- деп аскактата жырлауы созімізге толык дәлел бола алады.

Хан Кененін сенімді колбасшылары Агыбай мен Наурызбай Актау бекінісінін коменданты, өрі старшыны Симонов әскерлерін де канга боктіріп, бас саугалап, кару-жарактарын тастай кашуларына мәжбүр етті. Сол шайкаста кос батыр Кенесарыга он тапанша, 9 мылтык, 13 кылыш, 7 найза, 495 мылтык огын, т.б. карулар әкеп, табыс етті.

1838 жылы 7 тамызда Ресей империясынын Акмоладагы бекінісіне шабуыл жасайды. Подполковник Конырқұлжа Құдаймендин бастаган Сібір казактарынын зәре-құтын кашырып, айласын асырып, каланы басып алады. Конырқұлжа Құдаймендин зорға кашып құтылады.

1841 жылы VIII жүздін басы косылган Ұлытай бойындагы мәслихатта Кенесарыны казак халқынын ханы өтіп сайлайды.

1843 жылдын басында генерал-губернатор Горчаков әлеміне Кенесарынын бәйбішісін түткіге түсіріп, қотерілісшілер «озгеріс» жасауға әрекеттенді. Сол жылдын тамыз айында полковник Бизанов пен А. Жанторин, Б.Айшуаков сынды склтандардын басқаруымен бес жүз адамнан құрылған қол Кенесары ханның сарбаздарымен соғысуға бет алды. Олар Ырғыз өзенінің бойында Ағыбай мен Наурызбай бастаған қотерілісшілер жасақтарымен кездесіп, тағы бір қантоғіс болады. Осы шайқаста Наурызбай батыр қатты жараланады. Біраз сарбаздарынан айырылғанына қарамастан Ағыбай батыр басқыншылардың құрсау тобын тас-талқан етеді.

1844 жылы қыркүйек шығыс Ресей империясы қазақтың қен байтақ даласын түтас басып алудың құйтырқы шараларын ойластырады. Генерал-майор Жемчужниковтың қол астына үш отрядтан тұратын қарулы қол жасақтады. Оның бірінші отрядына полковник Лебедев, екіншісіне склтан Ахмет Жанторин, үшіншісіне жүзбасы Фалилеев басшылық етті.

Кенесары хан жоғары билік қенесінің бас ақсақалы – Ханаби Серкевлымен ақылдаса отырып, өз сарбаздарының төрт жасаққа топтастыру жөнінде әскери қенестің шешімін шығарады. Бірінші жасақты Ағыбай батыр, екіншісін Наурызбай батыр, үшіншісін Ержан батыр басқарады да, төртіншісі – қосалқы жасақ резерв ретінде Кенесары ханды қорғайтын болды.

Осы тұста Наурызбай батыр өзінің тапқырлығын танытып полковник Лебедев басқаратын патша отрядының Ресей империясына жанымен берілген сұлтан Байқадамовтың ауылына қарай бұрып жіберді.

Кенесарының алдын ала жасаған жоспарына сай 1844 жылдың 20 маусымынан 21 маусымына қараған күнде Ағыбай батыр мен Ержан батыр сарбаздары Тобыл өзенінің жоғарғы сағасында Ахмет Жанториннің отрядының қоршап алып, толық жойып жіберді. Ұрыс барысында қорнекті 44 сұлтан қазақ тапты. Бұл полковник Дуниковский басқаратын ауыр зенбірікті түменге жасаған шабуылдың бастамасы болды.

Сол жылдың тамыз айының орта шенінде Ағыбай мен Наурызбай батыр бастаған қол Екатеринин бекінісін алады. Бұл – хан Қененің ең ірі жеңістерінің бірі еді.

Омірінің соңғы кезінде Ағыбай елді отырықшы егіншілікке баулиды. Шу мен Жәмші озендері бойындағы «Ағыбай тоғаны» осының айғағы.

Казактын корнекті жазушысы Ілияс Есенберлин: «батырдың денелілігі соншалық биіктігі кішігірім түйедей, атакты Ақылағына мінгенде есекке мінген озбектей, атының колтык тусын тізесі согып отыратын.

Үсті-басы кара коныр, темір тор сауытты. Ағыбайдың түсі орасан суық, сонау шүнірек коздер қайтпас қайсарлық, таусылмас қайрат отындай жанады. Қандай жүректі жан болса да, Ағыбайды алғаш коргенде алпамсадай ызбарлы түрінен сескенбей қалған емес. Ал әлдекалай түнде кездескен адам, ертегінің дәуін коргендей жүрегі жарылып, оліп кете жаздайды.

Қызылжардың жерін біржола олшеп алуға келген инженер және архиерей, генералдың келгенін корген Кене хан біраз сарбаздарымен барып, оларды түріп айдап шықты. Олар І Ни- колайға: «Кене бастаған казак батырлары бізге карсы шықты» - деп баяндады. Патша коп солдат жіберді.

Орыс солдаттарын Кене бастаған кол бері откізбеске канша карсы түрса да, олар қаптап келіп қалды. Аргыннан Ағыбай, тортуылдан Жанайдар, тама Танаш батырлар бастаған 250 кол ұрыс салды.

Қызылжар басында 7 күн, 7 түн керемет ұрыс болды. Екі жақтан да адамдар коп қырылды. Батырлар онынан да кірді, солынан да кірді. Бірсыпырасын Кене әскері қырды. Әбден қызыл канға боктірді. Ақырында орыс солдаттары әбден женіле бастаған сон, зенбірекпен атқылады. Кененін нокерлері зенбіректен қынбады. Алға ұмтыла түсіп, бекіністерді алды. Коп солдаттарды колға түсірді, 291-ден астамы қырылды. Кененін 500 нокері казаға ұшырады. Жарым-жартысы қалды.

Сонда Ағыбай батырдың Кенеге айтқан созі: «Орыс коп пе, орман коп пе» дейтін казактын макалы бар еді гой, мұның ар жағынан келе беретін ләшкерлері коп, санаулы-ак ләшкеріміз қалды, елдегі дұшандарымыз да аз емес, «Ер жігіт қос табар»

деген. Кызылжарды тастайык. Кокшетауды алайык. Торе:

- Макұл, - деп Кокшетауга келді. Бұл Бурабайға коныс тепті.

Ат жақсысы мінілді, сауыт жақсысы киілді, галамға соғыс салғаны білінді, достар бұл іске серпілді. Николай жауыздың сөзін сойлеген дүшпандар күйінді.

Осы арада Кене екі айдай әскерін тынықтырып, жабдыктарын сайлап, ел ортасында қалған, Аркада жатқан әскерін шақыртты.

Қайраты кара бастан қайтпаған алып ер тамадан Жолдыаяк батыр, омірзак Тогалак батыр, шушак Бәйтәлі батыр, таракты Құлжан батыр бастаған 10 мың әскер Кененін Кокшетаудағы бекініс камалына қосылды. Әскері қобейіп, күші асқан ол енді патша өкіметіне қарсы ойран салуды ойлады.

Кенесші Тұрлыбек жауыз кәпірлердің сөзін сойлейтін сұмырай екен. «Кене ханның мындаған әскері келіп, менін Кокшетаудағы жерімді басып, коныс салып, алып қойды» деп жоғарыға жансыз жібереді.

Кенеге ошiккен ақ патша Кененін әскерін қырып, өзін ұстап әкелуге 10 мың солдат аттандырады. Патшаның қару-жаракты солдаттары бекіністе жатқан Кененін әскеріне шабуыл жасайды.

Кененін қарулы қалың әскері жаудан беттері қайтпай зор майданға шығады. Майлыбек бастаған мың қол әскер мың қол әскер патшаның 700 солдатын қырып салады. Тама Танаш, Жолдыаяк батырлар мен Ағыбайлар соғыста айласын асырып, орыс солдаттарын жусатып береді. Таудың тастары аспанға атылады. Тас қанға боялады. Керейлердің байтақ даласында олған адамдар денесі тау болып қалады. Соғыста Кененін небір батырлары өккіне ұшады.

Тұрлыбек патшанын жаналгыштарына ат та, ас та, күш те беріп көмектеседі.

Кененін Ағыбай бастаған әскері патшаға көмек көрсеткен Тұрлыбектердің жылқысын айдап алады. Патшаға көмектескен адамдарды қолға түсіреді. Керей ішіндегі Тұрлыбектің сілтеуімен көпірлерге көмектескен байларды әлсіретіп, Николайдың жіберген 10 мың әскерінің 7300-ін қырып салады. Қалған солдаттар тым-тырақай жоси жөнеледі.

Кененін әскері Кокшетауға, Бурабайға орнықты. Кокшетаудың Окжетпес биігіне Кенеке шығады. Кокшетауда Арқа жолы, Ағыбай жолы болады. Ханның қалың әскер бұл жерге қоныс алып, ит жүгіртіп, күс салады. Оның әскерлерінен басқа жан баласы Кокшенін биік шынына қоз жеткізбеген. Сонан да ол «Окжетпес» атанды. Кененін әскерлеріне азық тасыған жол «Арпа жолы» делінді. Кенесары Бурабай тауында ит жүгіртіп, аң аулаған кезде де бір биік жартастың үңгіріне түнеп жүреді екен. Содан сол үңгір «Кенесары үңгірі» атанып кетті. Сол үңгірдің киіктің етін асып жеген, от жаққан орны әлі күнге сол қалпында қалған.

Кененін әскерлері Кокшетау, Бурабай жерінде бір жаз, бір қыс мекен етті. Бұлар демдерін алып, ат-тұрмандарын сайланып алысты. Азықтарын қамдады. Ел ішінде кімнің жау, кімнің дос екенін білді. Ақ патша Кененін әскерін қыру мақсатымен тағы да 15 мың солдат жіберді. Бұл жерде 13 күн қан майдан соғыс болды. Ағыбайды әскері Бурабай тауының биігіндегі солдаттарды таудан тасша домалатты. Сармантай Алшағыр, қареке Тоганас батыр, Наурызбай, Жанайдар батырлар асқан қайратымен, зор айласымен есепсіз орыс әскерін қырды. Бірақ құмырсқадай қаптаған әскерді қырып біте алмады. Бақайшағына дейін қаруланған орыс солдаттары күш жинап, соғысқа олген тірілгеніне қарамай кірісті. Кененін мың жарымдай әскері оққа ұшты. Кене ханның неше түрлі мерген, алуан айлалы, қайраты күшті әскері патша солдаттарының оғынан қаза тапты.

Беті қайтқан Кене әскері Ақмолага қарай ойысты.

Ел ішіндегі байлардан, зұлымдардан, патшаның әкімдерінен қорлық көрген адамдар жан-жақтан ағылып, Кене ханның қолына қосылып кеп жатты. Хан Кене қорлық зомбылық көрген ержүрек ерлерді есепсіз әскер тобына ала берді. Ақмолада, Ақтауда, Қарқаралыда, Қызылжарда, Кокшетауда Кенені жақтайтын айтулы батырлар тобы құрылды. Кене ханның Ақмолага келу қарсаңында ел ішіндегі батырлар Кенемен хабарласып, оның келетін күнін тосты. Бір жерден ұшырасты.

Кененін әскері қаптап келе жатқанын естіген Ақмоладағы Құдайменденін Қоныры, дуанбасы Ыбырай, Шорманның Мұсасы, Жамантай төре, басқа орыс-қазақ бастаған адамдар Кенеге қарсы Ақмоланың құнбатыс жақ (Жекей қаласы дейді) шетінен қорған соғып, өздері қорғанның ішінде паналамақшы болды. Қорған соғылды. Кененін әскерлері күнге шағылысқан ақбоз, қылан аттармен тамаша жарасымды сәулетпен шеру тартты, жыр жырлап, аспандағы аққуға ән қосқан неше алуан әншілермен жер қайыстырып келе жатты. Кененін әскерлерін жол үстіндегі ерлер қарсы алып, көп кісімен, салтанатпен алдын тосады. Жау жүрек батырлары Кенеден рұқсат алып, әскерге қосыла береді.

Осы салтанатты алапатпен жүре отырып, Кененін әскері Ақмоланың құнбатыс жағынан келіп кіреді. Кененін келуін тосып жатқан таяу елден Тілен батырдың 500 әскері Кенеге қосылады. Сансыз қалың әскер Ақмоладағы жауыз патшаның он қоздери мен орыс-қазақ ішіндегі құмырайларға садақ тартты. Камал соғып, берік бекінген жау мызғымады. Кененін ақылғой қолбасшыларының бірі тапқыр, білгіш, айлакер, жолшыл ері шұбыртпалы Ағыбай батыр: «Мына сарттар мен орыс-қазақтардың шапанын киіп алып, май жағып, от тұтатып осы қала үйлерінің үстіне тастайық. Содан қала ортенеді. Қаладағы камалдар еріксіз шығады. Оларды сол кезде жаусатамыз», - деді. Ағыбайдың сөзін Наурызбай да мақұл қорді. Басқа батырлар да құптады. Сонда Кене хан:

- Бәрін де сарттардың ала шапанын майлап, найзаның ұшына іліп, отқа тұтатып, үй үстіне тастандар! – деп бұйырады. Осы сөз Кененін аузынан шығуы мұн екен, қалың әскер қалаға лап қойды. Әрқайсысы үйге кіріп, қолдарына тұскен шұберек заттарды отқа тұтаты.

Қала алай-түлей от шалып, айкай-шуга толып, азан-қазан болды. Кененін ең басты батырлары Сармантай Тоғалақ батыр, қыпшақ Басықара, борші Базар батырлар оққа ұшты. Қоныр төренің, орыс-қазақтардың итаршы тобеттері де есепсіз қырылып оліп жатты.

Кененін әскері ақыры Ақмоланы жеңіп алды. Содан кейін оншен ат құлағында ойнаған жас берендер Қүйгенжарда тұратын дуанбасы Ыбырайдың тұқымдарымен де шайқасып, Қүйгенжардың шетінен орт салып, дуанбасы Ыбырайдың сөзін мадақтаған, сойылын соққан, қанды балақ құлар Кене ханның әскерлерінің тұзағына түсті. Кененін қалың әскері Қүйгенжардың басына шатыр тікті.

Бойына күш-куатын жинап алғаннан кейін, Акмола байлары мен оларга болыскан орыс-казактар кару алып, атка мініп, шошандап кайта шықты.

Бір жеті жатып тыныккан Кененін әскері сайланып, кайтадан сілімтіктерге карсы шықты. Акмола, Семей, Кереку, Каркаралы, Актау аудандары мен ел ішіндегі казак байлары Кененін әскерлерін мүлдем күртпакка бел буды. Дуанбасы Ыбырай, Түрлыбек, тагысын тагылар буган кол койды. Үдеген согыс ешкімнін олген-тірілгеніне карамады. Ержүрек Агыбай бастаган 300 сарбазды әскер жаудын каптап жаткан калын тобырын топырлата бастады. Батырлар темір күрсау киініп, сауыт-сайман, кару-жарагымен жаудын тобына садактын огын бүршакша жаудырды. Садактын октар орыс-казактардын шиті мылтыктары мен сафы канжарларынан басым болмаса, кем болган жок. Екі жактан коп адам шыгын болды. Наурызбай мен Агыбай және тагы баскалары «Енді согысты токтатайык» деген шешімге келді. Олардын бул кенесіне Кене күлак асты. Бірақ әбден күтырган, иттей оршеленген Ыбырай мен Түрлыбектің адамдары согысты үдете бергісі келді. Осы согыс Акмола үстінде үзакка созылып, Кене ханнын коптеген сарбаздары каза тапты. Буган коса Сарыаркага күн сайын каптап келген солдаттар Кенеге тыныштык бермеді. Кене хан ешбір жерге түпкілікті коныс теуіп, түрактай алмады. Енді ол Алатауга бет түзеп, коныс аударды. Кыргыз хан Орманга: «Кыргыз бен казак халкы бір туыс еді, казактын басына туган кара күн ертен саган да келеді. Казак халкын орыс патшасынын талау кысымынан босатуга жәрдем берсін», деген тілек білдірді. Буган орыс патшасымен ауыз жаласып койган кыргыздын Орман, Хантай деген манап-бектері коне коймады. «Бізге орыс келіп тиген жок. Казактын жер ауып, кангырып келген торесінін созінін керегі жок» деп, барган елшіні үстап алып олтірді...

Кенесары хан бул корлыкка шыдамай кыргызбен еріксіз согысты.

Ал тарихи шындык мынаны айтады.

Патша отаршылдарымен он жыл бойы шайкасып, калжыраган Кенесары Аркадан сыргып, Мынаралдын манын коныстайды. Шудын бойынан уакытша жер алып, кыстап шыгу үшін кыргыз ханы Орманга хат жазып, елші жібереді. Кенесарынын Бекбатыр бастаган елшісін камауга алып, Орманхан мүз күрсанган Шу озенінін үстінен отіп, Орта жүз Андас әулиенін күмбезін талкандайды. Сойтіп Шудын теріскей бетіндегі казактын жерін басып алуды ойлайды.

Кыргыз бен казактын согысынын басталу себебі, орыс пен кыргыз бірігіп, казак әскерін

коршауга алып, Кытайга хан Кенені откізбеу болатын.

Агыбайдын орнына таулы жердін жагдайын жаксы білетін шапырашты Бугыбайды бас батыр етіп тагайындаганымен, кыргыз Алатауындагы согыс сәтсіздікке ұшырайды. Бугыбай батырға сенген Кенесары кыргыз-орыс колдарына түскен соң, Агыбай бас билікті өз қолына алып, қалған әскердін басын біріктіріп, жауды жарып бұзып өтеді.

Ал түтқынға кыргыздардын қолына арамдықпен түскен Кенесары хан жауыздықпен өлтіріледі.

Ал жау қоршауынан шығып, еліне оралған Агыбай батырды күшк жая қарсы алған ешкім жоқ болатын. Агыбайдын қолын Абакумов пен Черняев бастаған орыс патшасынын әскерлері қоршап алып, америкадагы үндістерді қырган ағылшындардын қанды істерін қайталап, зенбіректерден атқылайды. Казактардын қобін қырып салады. Қазіргі Жамбыл облысы, Мойынқум ауданындагы «Айдарлы» мен «Коктерек» совхоздарынын аралыгында Шу озенінің оңтүстік жақ беткейін біреулер «Аргын қырылған» десе, екіншілері «Аргын откелі» деп әлі күнге дейін атап жүр.

Қотерілістен кейін, 1847 – 1849 жылдары Агыбай орыс отаршылдарымен ашық соғысады. Абакумов пен Черняев және олардын сондарына ергендерді үш рет шабады. Кенесары-Наурызбай кегі үшін кыргыз манабы Қарбоздын басын шауып, Жантай мен Жанғараштын алдына домалатады...

Агыбай батыр Бетпақдалада, Шу бойында қоныстанып отырғанда, оған Түркістан шаһарынан хабар келеді. Хабар әкелеген жігіт: «Ақжолтай аға, хазірет сұлтан жатқан кесенені бұзамыз деп Түркістанды жау қоршауга алып жатыр. Орыстын айласын біледі, жинаған казак-өзбек әскеріне ақылшы болсын деп, Сыздық торе сізге сәлем айтты», - дейді. Агыбай батыр ойлана отырып: «Кәпірлер Қожа Ахмет бабамызға жеткен бе? Аллаһ жар болсын, Сыздық балама айт: «Өлі атқа мініп, қолға мылтық мұршам бар», - дейді. Бұл кезде Агыбай батыр 62 жаста еді. Агыбай батыр Созактан өтіп, Түркістанға бір күнде жеткен екен.

Әулие Арыстанбаб жатқан жерде Агыбай әскері «Құран оқимыз» деп орыс отрядтарымен кездесіп, бір шайқасып қалады. Бетпақ даладан шабуылды күтпеген орыс

солдаттары бытырап безген екен. Олжалы болган Агыбай әскері бір зенбірегімен, 20 шакты мылтықтарымен Сыздық торе мен Әлімқұл ханнын жасағына қосылады.

Күні кеше Кене мен ер Агыбай казак халқынын тәуелсіздігі үшін күш-қайраттарын жұмсап, сол жолда өз ғұмырларын қиды. Ақжолтай батыр 1885 жылы Балхаш колінде Тасарал камалында қайтыс болды. Аты аңызға айналған батырдын денесін Түркістан жағына Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне қоюға орыс отаршылдары қарсылық білдіреді.

Бүгінде Агыбайдын денесі Сарыарқа мен Бетпақдаланын шектескен жерінде Тайатқан-Шүнарқа жерленген.

Женіс Кашкынов

Алдаспан, №3-4, 5-6, 2003